

ӘОЖ 008(574)

П. Сулейменов\*, А. Сейтжанов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*E-mail: primbek@mail.ru

**Абайдың әлеуметтік философиялық көзқарасы**

**Аңдатпа.** Ақын мұрасында бір жүйеге түсірілген көзқарасын тұжырымдайтын арнайы философиялық шығарма жоқ. Дегенмен, Абайдың кептеген өлеңдері мен прозалық шығармаларында «... адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына төтелі қатынасы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді әрі сапалы ойшылдық пікірлері бар екені даусыз». Абай шығармаларын зерттеуге арналған еңбектер жеткілікті болғанымен, оның философияның негізгі мәселелеріне байланысты көзқарастары жөнінде әлі күнге дейін тиянақты пікір тұжырымдалған жоқ. Ойшыл ақынның терең ойы мен дүниетанымының ішкі мазмұны әлеуметтік философиялық идеяларға толы.

**Түйін сөздер:** философиялық көзқарас, адам ақылы, рационалды таным, тәрбие, еңбек.

Абайдың әлеуметтік философиялық көзқарасының қалыптасуы дамуы ХІХ-ғы Қазақстанда демократтық қоғамдық ойдың қалыптасып, дамуына негіз болған басты идеялық үш қайнардан нәр алды: 1) қазақтың ауыз әдебиеті мен еткен замандардағы жазба ескерткіштерінен сусындаған алдыңғы қатарлы халықтық дәстүр; 2) ежелгі және орта ғасырдағы Шығыс ойшылдарының таңдаулы шығармалары; 3) орыстың материалистік философиясы мен мәдениеті, сол арқылы дүние жүзлік (ең алдымен Батыс Еуропаның) философиялық ойдың жетістіктері. Әуезов бұл идеялық бағыттарды бір-бірімен табиғи ұштасып, жалғасып кетегіндігін айта келіп, Абай дәуірі үшін осылардың ішінде үшінші қайнармен, орыс классиктерінің шығармаларымен таныстықтың маңызы аса зор болғанын, Қазақстандағы қоғамдық ойдың болашақта жандана түсуіне ықпал еткенін атап көрсетті. Ғалым Абайдың орыс әдебиетімен және философиялық озық ойымен байланысын оның аударған шығармаларының санымен немесе оған ревалюцияшылдық демократтар идеясы ықпап етті, деген қарапайым түсініктерді еске алумен ғана дәлелдемек болған «жеңіл-желпі, кара дүрсін пікірлерге» қарсы шықты [1].

Өз заманының ғұламасы болған Абай көптеген орыс жазушылары мен философтарының, әсіресе, А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың, И.А. Крыповтың, В.Г. Белинскийдің, А.И. Герценнің, Н.Г. Чернышевскийдің,

Н.А. Добролюбовтың шығармаларын оқып, зерттеді, орыс рев.-демократтарының озық ойы оның дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Ойшыл-ақын ежелгі заман философтары Сократ, Платон, Аристотель, сондай-ақ, Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби мұраларымен де жақсы таныс болды; Батыс Еуропа философиясын, дәлірек айтқанда Р. Декарт, Б. Спиноза, Г. Спенсер, Л. Фейербах еңбектерін оқыды: «... өзінің рационалдық философиясын Абай кездейсоқ жасай салған жоқ, алдымен осындай бай мектептердің оқуынан өтіп алып, сөйтіп, бұларды өзінің творчестволық өңдеуінен еткізген соң ғана жасай алды» [2]. Ол Ч. Дарвиннің даму теориясы мен анатомиялық ілім негіздерін білді. Абайдың жаратылыстану ғылымындағы білімінің кеңеюіне орыстың материалистік психологиясы, нақтырақ айтқанда И. М. Сеченов пен К. Д. Ушинский еңбектері маңызды қызмет атқарды. Ақынның дүниетанымына сол кезеңде Семейде тұрған, орыстың саяси жер аударылған адамдарымен достығы игі әсерін тигізді. Олардың арасында Е. П. Михаэлис, Н. И. Долгополов т. б. демокр. идеяда тәрбиеленген алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдері бар еді. Абай Қазақстанның Россияға қосылуының аяқталуына байланысты патриархалдық-феодалдық қатынастар ыдырап, капиталистік қатынастар дами бастаған, қазақ ауылдарында, таптық тартыс пен жіктелу күшейген ХІХ ғ-дың 2-жартысында өмір сүрді. Орыстың озық экономикасы мен мәдениетінің ықпалымен

қазақ қоғамында жүзеге асқан прогрессивті өзгерістер ақын дүниетанымының қалыптасуына белгілі дәрежеде ықпап етті. Абайдың көптеген өлеңдерінде терең философиялық ойлары, табиғатқа, болмысқа көзқарастары, таным, ақыл, сана жайлы толғаныстары көрініс тапқан: «Өлсе елер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман – алдындағы келер заман» т.б., 45 «сөзден» туратын қара сөзбен жазылған «Ғақлиялары» ақынның философиялық көзқарасының мәйегі, өзінің мәні мен тұжырымдарының тереңдігі жағынан ұлттық мәдениет шегінен әлдеқайда асып түсіп жатқан маңызды мұра. Бұл «Сөздер» қазақ халқының сан ғасырлы тәжірибесінен (мәдениет, тарих, дәстүр, әдет-ғұрып, адамгершілік қасиеттер т.б.), адам және адамзат туралы ойларынан сусындаған. Абай шығармаларын зерттеушілер ойшылдың философияның негізгі мәселесін шешуге байланысты көзқарастарын бағалауда нақты бір тұжырымға тоқтаған жоқ.

Бірқатар зерттеушілер философияның негізгі мәселесін шешуде «Абай атеист болды» деген пікір айтады. О.А.Сегізбаев «философиялық дүниетаным саласында ол тұтасымен деизм бағытын ұстады. Барлық деистер сияқты оның шығармаларынан материалистік бағдар мейлінше анық көрінеді» деп есептейді [3].

Дегенмен, өзінің бұдан кейінгі зерттеулерінде О.А.Сегізбаев: «Ыбырай Алтынсариннің, әсіресе, Абай Құнанбаев философиясының мәнін толық аштық деу әлі ерте... Абай философиясының мазмұнын барынша толық ашу үшін оның шығармаларының шығыс, орыс және дүниежүзілік философияның мәдениетімен байланысын мейлінше терең зерттеу қажет, ал бұл әлі жеткілікті деңгейде қолға алынбаған нәрсе» деп мойындайды (Сегізбаев О. А. Революцияға дейінгі Қазақстандағы қоғамдық ойдың материалистік және атеистік бағдарлары. Автореферат. Ташкент, 1979, 37-38-б.). Бұл тұжырымдармен келіспеуге болмайды. Абай дүниетанымының бағыттарын зерттеуге Әуезов елеулі үлес қосты. Ол Абайдың көптеген өлеңдері мен ХІХ-ғы көрнекті орыс ойшылдарының шығармаларын салыстыра зерттеу арқылы олардың терең тамырластығын ашып берді. «Біз Абайдың бірде жекелеген өлеңдерінен, бірде қарасөзбен жазылған «ойларынан» («Ғақлияларынан»), – деп жазды Әуезов, – Белинскиймен, Герценнің ойларымен, Чернышевскийдің, Добролюбовтың көзқарастарымен, олардың «Современ-

ник» беттерінде айтқан пікірлерімен жиі ұшырасамыз». Ұзақ жылдар бойғы ізденістер нәтижесінде Әуезов Абайдың дүниетанымы мен демократтық көзқарастарына Чернышевскийдің рухани мұрасы игі ықпалын тигізді деген тұжырымды дәлелдеп шықты. Патриархалдық-феодалдық қазақ қоғамында өмір сүріп, аса күрделі де қайшылыққа толы жағдайда өлең жазған Абай мұрасын зерттеу барысында, өткен ғасырлардағы ойшылдар шешкен мәселелердің шынайы мазмұнын анықтау, онша жеңіл жұмыс еместігін есте ұстау керек. Ойшыл-ақынның жеке шығармаларына ғана талдау жасамай, оның бүкіл әдеби мұрасының идеялық мазмұны мен ішкі логикасын тұтастай қарастыратын болсақ, Абай рационализм мен демократизм бағытын ұстады деп толық айтуымызға болады. Осының өзінен орыстың материалистік философиясының, ең алдымен Чернышевскийдің ықпалы айқын көрінеді. Рас «ақын айқын да толық жетілген революциялық-демократиялық дүниетаным деңгейіне көтеріле алған жоқ, дегенмен ол ешқандай бұлталақсыз революцияшыл демократтарды жақтады» [4].

Абай философиясы рационализм мен демократизм рухындағы өзінің ең басты идеялық ұстазы және тәрбиешісі болған Чернышевский көзқарастарының негізін терең түсіне білді. Ойшыл-ақын, оның әр түрлі философиялық жүйелерге сын кезбен қарап, қорытынды жасайтын еңбектері арқылы Демокриттен бастап Фейербахқа дейінгі, Батыс Европа философиясымен танысты. Абай табиғаттың объективті шындығын, әлемнің адамдар еркінен, қалауынан және санасынан тыс өмір сүретінін мойындайды. Ол әлемнің пайда болуы мәселесін «... дүние әрбір бір түрлі керекке бола жаратылып және бір-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын көркем зағонға қаратылып жаратылды», – деп түсінген.

Атомистиканың көне заманнан бері материалистік дүниетанымының негізі саналғаны белгілі. Абай тұжырымдарына қарағанда оның осы іліммен, сондай-ақ, атомизмнің дамуына зор үлес қосқан М.В. Ломоносов, А.М. Бутлеров, Д.И. Менделеев еңбектерімен таныс болғаны анық. Ойшылдың пікірінше табиғатта бәрі де объективті түрде өмір сүреді, барлығы да белгілі бір заңдылыққа сай және соған бағынады. Сондықтан да ақын себептілік байланысты, «әрбір істің себебін» тани білу қажет

деп есептейді. Табиғат құбылыстарын тұрақты қозғалыста және даму үстінде, өзара байланысты және себептес деп қарастыратындықтан, ақын әлемнің бір орнында тұрмайтынын атап көрсетеді. Адамның өмірі мен қуаты да өзгеріссіз болмай тұрмайды. Абай әлемнің шексіздігін, қозғалыстың мәңгілігі мен қайталанбайтынын, тыныштықтың салыстырмалы түсінік екенін айқын түсінді:

«Дүние – үлкен кел,  
Заман – соққан жел,  
Адуындағы толқын – ағалар,  
Артқы толқын – інілер,  
Кезекпенен өлінер,  
Баяғыдай керінер...»

Абайдың философиялық көзқарастарын оларды тек өзіне ғана тән ерекшеліктерімен, өзіндік белгілерімен және сонылығымен, басқаша айтқанда, белгілі бір дәуірмен байланысты және сол дәуірді танытатын нақты-тарихи ережелер жүйесін қаз-қалпында қабылдаған күнде ғана дұрыс түсінуге болады. Абайдың дүниетанымындағы айналадағы қоршаған әлемнің объективті шындығы таным барысын құдайға сенумен және жанның өлмейтіндігімен ұштастыра қарастыратын көзқарасы қарама-қайшылықта және күрделі болып келеді. Абай көз қарасынан антропологиялық принциптерде көрініс тапқан. Ол бүкіл табиғатта орталық тұлға етіп адамды қояды, философиялық ойларының көпшілігінде адам және адамгершілік мәселесіне баса көңіл бөледі. 17-19-ғы антропология, тіпті, Фейербахтың өзі де, адамды абстрактылы түрде, жайғана биологиялық тіршілік иесі ретінде қарастырып, оның барлық қасиеттері мен ерекшеліктерін табиғи шығу тегіменен ғана түсіндірді. Абай адамды табиғаттың бір бөлігі деп санап, оның имандылық қасиеттерін өмір жағдайлары, дәуір қалыптастырады деп есептейді, ал объективті дүниенің құбылыстары адам басында сәулеленеді де, оның психикалық қызметінен көрініс табады. Адам мәселесін Абай әр түрлі: философиялық, биологиялық, психологиялық, эстетикалық, және әсіресе, этикалық, көзқарастарды көбірек қарастырған. Абайдың адам туралы негізгі тұжырымдары Чернышевскийдің «Философиядағы антропологиялық принцип» (1860) деген еңбегіндегі ойлармен ұштасады. Чернышевскийдің түсіндіруінше болмыс

бірыңғай болған жағдайда адам басынан екі түрлі: материалдық (адам тамақ ішеді, ұйықтайды, жүреді) және адамгершілік тұрғыдағы (адам ойлайды, сезеді, қалайды) құбылыстарды байқаймыз. Абай Жетінші сөзіндегі «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады... Біреуі білсем екен демеулік... Дүниенің көрінген Нәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды», – дейді ойшыл – ақын.

Объективті шындықты тануға деген бұл құмарлықты ақын адамның ең жоғарғы талабы деп біледі. Абай адамның қасиеті туралы ойын өрістетте келіп: «Адам баласы екі нәрсеменен: бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуі орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсіби – оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы – жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Азба, кеппе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, булардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым – булар – кәсіби», – деп атап көрсетеді. Қ. Бейсембиев ақынның адам бойындағы туа бітетін «екі бастау» туралы тұжырымдарына «Абай дуализмге жол берді» деп есептеді [5]. Ақиқатында Абай да Чернышевский сияқты адам бойындағы заттық және рухани бастауларының бірлігін, адамның тұтастығын айқынырақ ашып көрсетуді мақсат етті. Ақын орыс ойшылдарының еңбектері мен өз қолына түскен жаратылыстану ғылымының деректері негізінде табиғатқа материалистік монизм тұрғысынан қарап, адамның «рухани қызметін» оның дене еңбегінен бөліп алу дұрыс емес деп есептеді. Ал, бұл бір-біріне тәуелсіз материалистік және идеалистік, жеке дара екі бастауды мойындаудан келіп шығатын дуализмге түбірімен қайшы нәрсе. Герцен жазғандай дуализмнің ең басты принциптері «... шын мәнісінде бөлуге болмайтын нәрсені – мысалға, дене мен рухты -жасанды қарама-қарсылықтарға бөлу болып табылады, бұл дерексізденулерді бір-біріне қастықпен қарсы қою және мызғымастай болып біріккен нәрселерді жасанды жолмен өлшеу» [6]. Абай әлемді тануға болатындығын мойындап, болмыс пен сананың шегін ажыратуға болмайтындығын теріске шығарады, бір бүтіннің бөлшектері ретінде адам мен табиғаттың тұтастығы туралы айқын тұжырымдар жасап, саналы адамның біртұтас табиғаттың үздіксіз дамуының нәтижесі екенін дәлелдейді. Әлемнің тұтастығы туралы мәселе филосо-

фия тарихындағы ең күрделі тақырыптардың бірі екені белгілі. Абай мұны сана тудырған емес, өзінше объективті өмір сүретін әлемнің материалдық тұтастығы, бірлік деп түсінді. Абайдың танымның іс жүзіндегі маңызына баса көңіл бөлуі оның гносеол. тұжырымының өзіндік ерекшелігі болып табылады. Ол дерексіз шындық жоқ, өйткені, шындық қашанда нақты деген сенімде болды. іс жүзінде қолдану – практика мәселесін саналы түрде алға қойып, оны танымды жүзеге асырудың бірден-бір жолы деп есептеді. Танымның мақсаты – оның іс жүзіндегі пайдасында, өз талаптарын қанағаттандыратын адам қуатын арттыратындығында деп түсіндіреді ойшыл ақын. Адамның әлемді тану жолындағы тәжірибенің атқаратын қызметі, оның табиғатын, өзара қатынасы туралы талдау жасағанда Абай тәжірибені шындық пен білімнің айқындаушы белгісі деп қарайтын танымдық орыс философиясының қол жеткізген табыстарына сүйенеді. Абай сананы, «өз рухын» адам надандыққа қарсы күресте, қажырлы еңбек арқылы үнемі нығайтып отыруы керек деп есептейді. Бір жағынан «сана ерікпен бірігуі қажет», екінші жағынан – сана мен еңбек әрқашанда бір жерден көрінуі керек. Ары таза, еңбекқор, білімді адамдар үшін табиғат құпияларын танудың шегі жоқ. Ақын білімді адам құбылыстар мен заттардың өзінен бұрынғы беймәлім жаңа қырлары мен қасиеттерін тануға кең мүмкіндік алатынын атап көрсетеді.

Ол ғылымды: «Адамның білімі қақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпен болады», – деп қарады. Әлемді тануға құштарлық адамның бойына біткен табиғи қасиеті деп есептеді ойшыл. Бірақ, оның бұл мүмкіншілігі үнемі жетілдіріп отыруды тапап етеді. Бала рухани қасиеттерін жетілдіру үшін оның өзін қоршаған ортамен, оның қасиеттерімен, адамдардың қызметімен танысуы керек. Адам табиғат құбылыстарының құпияларын ұғу немесе соған байланысты белгілі бір дәрежеде жорамал жасау арқылы өзінің қызметін нығайта түседі: «Дүниенің көрінген Нәм сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады». Дегенмен ол қоршаған ортаны тануға болатындығын мойындай отырып, сонымен қатар таным қызметінің мүмкіндіктері шектеулі екенін, барша танымның толық аяқталмайтындығын

да ескертеді. Ол мұның себебі материалдық әлемнің шексіздігі мен таусылмайтындығында, бітпейтіндігінде деп біледі: «Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көрімдігіне және қандай лайықты жарастықты заңмен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтынын көресің. Бұлардың бәріне ғажайып қаласың және ақылың жетпейді». Абай әлемнің шексіздігін мойындау арқылы танымды «үнемі өзгеріп отыратын тур» ретінде түсініп, «танымның үздіксіз сипаты» туралы жорамал жасайды. Егер Абайдың гносеологиялық көзқарастары туралы тұтас айтатын болсақ, онда оның мұрасында сенсуализм мен рационализмнің жағымды тұстарының қоспасы барын аңғарамыз. Абай танымның жолдары мен құралдарын түсінуде материалистік сенсуализм негіздерін басшылыққа алды; ол сезімдік танымға, сезімдік ақиқатқа баса көңіл бөлді. Оның пікірінше танымның қандай түрі болса да сезім мүшелері арқылы анықталады.

Сонымен қатар ол объектінің (заттың) мәнін түсіну үшін бір ғана сезімдік танымның жеткіліксіз екенін, «саналы», рационалды танымның қажет екенін жақсы түсінді. Абай осы тұрғыда адамның өзін қоршаған әлемді алдымен сезім мүшелерінің көмегімен түсіну арқылы танып, содан соң сол мағлұматтар арқылы түсінігі қалыптасатынын анықтады. Рационалды танымды «біртекті заттың тартылыс күші» деп атап, оған: «... бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма?» деген анықтама береді. Ол саналылыққа шақырып, рационалды таным мен сезімнің біртұтастығы туралы тұжырымды қолдай отырып, адам танымын оның санасы мен қуатын аяқасты ететін ислам өктемдігінен азат етуге күш салды.

Абай рационалізмінің мәні мынада: рационалды – сезімге (тәжірибеге) қарсы қойылатын ойлау емес, өмірдегі иррационалды бастауға қарсы қойылатын саналылық. Дәйексіз логик. ойлау жолымен өңделген, қорытындыланған, яғни, «...естіп білу, керіп білу секілді нәрселерді... сынап, орынды, орынсызын... есеп қылып...» тәжірибеге сүйену жолымен алынған түйсік мағлұматтары объективті шындықты танудың қажетті жағы болуы мүмкін деп түсіндіреді ойшыл ақын. «Ақылмен білім еңбек жемісі, – деп жазды Абай, – «еңбек таным сезімін оятады», естігенінді сананда орнықтырады. Тек түйсік

мағлұматтарды біртұтас, табиғи байланыста болған жағдайда ғана, «сын көзбен қорытып», тәжірибеде сынау арқылы ғана тануға болады». «...Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын... білмей қаласың. Не көрдің, есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, қандықпен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді. Егер бұл болмаса, көп білуге кеп оқу оңды пайда да бермейді» [7]. Абай да рационалистер сияқты әлемді тану жолында ақылдың атқаратын қызметін жоғары бағалады. Дегенмен, ол шынайы білімнің бірден-бір көзі сана деп білетін рационалистердің білімінің түпкі тегі – тәжірибе екендігін теріске шығаратын тұжырымымен келіспейді. Рационалистер тек сана арқылы ғана терең білім алуға болады, ап ақиқат білімнің тәжірибеден туындауы мүмкін емес деп есептесе, Абай сана тек объективті шындықты ғана көрсетеді: «Ақыл, ғылым – бұлар – кәсіби (еңбекпен табылған нәрсе)», – деп санайды.

Абай адам танымын надандықтан білімге дейінгі, толық емес білімнен неғұрлым толық білімділікке дейінгі үздіксіз даму деп түсінді, білімнің қайнар көзі объективті шындық болып табылады және заттар туралы сол білім толық ақиқат. Ол тәжірибе барысында білімнің толық түсетінін ерекше атап көрсетті: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, кергені кеп болған адам білімді болады».

Абайдың айтуынша адам ақылды немесе ақымақ, қайырымды немесе жауыз болып тұмайды, ол жағдайға, тәрбие мен еңбек қызметіне қарай қалыптасады. Ақынның бұл ойлары Чернышевскийдің адамның ақыл-ойы оның саяси және басқа да дамуы сияқты экономик. өмір жағдайлары мен материалдық өмір сүру құралдарына байланысты деген тұжырымымен үйлесіп жатыр. Бірақ, Абай танымның сезімдік-нақты және түсінікті деңгейлерін тиісті ғылыми атаулармен толық атап көрсете алмады. Соған қарамастан оның негізгі ойлары дұрыс бағытта өрістейді, сенсуализм мен рационализмнің шектерінен асып, танымның сезімдік және рационалдық жақтарын бөлінбейтін қатынаста деп қарауға ұмтылысты танытады. Абай та-

ным барысында игерген білім мазмұны туралы айтқанда олардың шынайы болуына баса көңіл бөледі. «Шындық пен өтірікті анықтау» жолы – таным жолы болып табылады. Ол адам таным арқылы шындыққа жетеді дегенге сенді. Ақын «хақиқат... Нәмманы білетұғын ғылымға ынтықтықтан» туындайды деген тамаша тұжырым жасайды.

Бұл тұжырым Абайдың гносеологиялық пікірінің сырын ашып, оның топшылауынша шындық бейне мен объектіні түсінуге көмектеседі, өз түпнұсқасына сай, яғни, шындықтың біздің санамызда бейнелеуіне сәйкес қалыптасады, тек рационалды таным мен сезімнің тұтастығы ғана таным нәтижесі мен сәйкестігінің басты шарты бола алады. Абай шындыққа жету, таным жолындағы ойлаудың қызметі мәселелеріне ерекше мән берді. «Адаспай тура іздеген хақимдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фиғыл пенденің (адамның) қазығы – осы жақсы хақимдер, әр нәрсе дүниеде солардың истихражы (істеу, ойлау) бірлән рауаж табады. Хақимдердің ғақлияты бірлән жетсе, иман якини (шын иман) болады. Бұл хақимдер... адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен батылдықты айырмақты үйреткендігі – баршасы нәфиғлық (пайда беруші) болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дауа жоқ» [8]. Ғалым алған білімінің көлемімен, көп оқығандығымен ғана ардақты емес, ол өз білімін үздіксіз толықтырып, жаттығып, логик. ережелерді еркін меңгеріп, шеберлігі мен өнерін шыңдай түсуге тиісті. Ойшыл-ақын Әл-Фарабидің, сол арқылы Аристотельдің логиканың мәні ғылым ретінде баяндалатын философиялық еңбектерімен жақсы таныс болды. Оның логикалық түйіндеу шеберлігін еркін меңгергендігін қара сөзбен жазылған «Ғақлиялары».

### Әдебиеттер

- 1 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1967. – 171 б.
- 2 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1969. – Т. 15. – 141 б.
- 3 Сегізбаев О. А. Қазақ халқының рухани мәдениетіндегі еркін ойлау дәстүрі мен атеизм. – Алматы, 1973. – 108 б.
- 4 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1961. – 157 б.

5 Қазақстандағы саяси-қоғамдық және философиялық ой тарихының очерктері. – Алматы, 1976. – 206 б.

6 Герцен А. И. Тандамапы философиялық шығармапары. – М., 1948. – Т. 2. – 113 б.

7 Құнанбаев А. Қара сөздері, поэмалары. – Алматы, 1993. – 123 б.

8 Абай. Шығармалар жиынағы. – Алматы, 1995. – 115 б.

П. Сулейменов, А. Сейтжанов

#### Социально-философские взгляды Абая

В этой статье были всесторонне рассмотрены социально-философские взгляды Абая. Автор раскрывает суть рационализма и идею познания. «Люди не рождаются умными или глупыми, добрыми и злыми, все зависит от воспитания и труда», – говорит Абай. Абай - это тот философ, который свободно владел мастерством философского суждения.

**Ключевые слова:** философский взгляд, мудрый человек, рациональное познание, воспитание, труд.

P. Suleymenov, A. Seitjanov

#### The socio philosophical views of Abai

In this article, the socio philosophical views of Abai in theoretical manner are considered in detail. It revolves the secrets of perceptual ideas and the rationalism of Abai. According to Abai, the man is not born as clever or stupid, virtuous or villain. It is embodied with the work and upbringing. Abai is the great thinker who deeply has learnt the logical perception.

**Keywords:** philosophical look, wise man, rational cognition, education, labour.